

«ESEP.OTAN-МЕКТЕР» бірыңғай әмбебап есепке алу және сәйкестендіру жүйесі

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ АКЦЕПТ

1.1. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, мен өз еркіммен, өз қалауыммен және өз мүддемде «КазТехЭлектроника» ЖШС-не, БСН 110640022582 (бұдан әрі — «Оператор») менің және менің қамқорлығымдағы балалардың дербес деректерін, ұсыну, жинау, сақтау, өңдеу, көрсету және «ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесін пайдалану шеңберінде жүйе пайдаланушыларына олардың белгіленген қол жеткізу деңгейлеріне сәйкес беруіне келісімімді беремін.

1.2. Осы арқылы мен (бұдан әрі — «Субъект») «ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесінде тіркелу және/немесе авторизациялау рәсімінен өту арқылы осы Пайдаланушылық келісімнің шарттарын толық оқып шыққанымды, түсінгенімді және қабылдайтынымды растаймын.

1.3. Жүйеде авторизациядан өту осы келісімді толық әрі сөзсіз акцепттеу болып табылады және өз қолымен қойылған қолтаңбаға теңестіріледі.

2. ГЕОЛОКАЦИЯ ДЕРЕКТЕРІН БЕРУГЕ КЕЛІСІМ

2.1. Субъект «ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесінде сәйкестендіру сәтінде өзінің мобильді құрылғысының геолокациясы (координаттары) туралы деректерді жинауға және беруге сөзсіз келісім береді.

2.2. Орналасқан жері туралы деректер қызмет көрсету фактісін тіркеу (пайдаланушыны сәйкестендіру) сәтінде ғана келесі мақсаттар үшін жиналады:

- Субъект пен баланың қызмет көрсетілетін жерде нақты болғанын растау;
- Мамандардың келулерін верификациялау және көрсетілген көмек туралы деректерді бұрмалауды болдырмау;
- Мемлекеттік органдарға (ҚР ЕХӘҚМ, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және т.б.) ұсыну үшін шынайы есептілікті қалыптастыру.

2.3. Оператор Субъектінің қозғалысын Жүйеде сәйкестендіру сәттерінен тыс уақытта жасырын фондық мониторингті жүзеге асырмауға міндеттеледі.

3. МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕЛЕРГЕ ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ

3.1. Субъект дербес деректерді (оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, сондай-ақ қызметтің көрсетілу фактісі мен орны туралы деректерді) келесі мемлекеттік ақпараттық жүйелерге беруге келісім береді: ҰБДҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің АЖ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің АЖ, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің АЖ.

4. ДЕРЕКТЕР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ САНАТТАР

4.1. Келісім анкеталық деректерге, оның ішінде фотосуреттерге, байланыс ақпараттарына және арнайы санаттағы деректерге (денсаулық жайлы, мүгедектік, балалардың диагноздары туралы мәліметтер) таралады.

4.2. Медицина деректерін көрсету тек баланы сүйемелдеу процесіне тікелей қатысушылар шеңберімен шектеледі.

5. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

5.1. Субъект өзінің заңды өкіл ретіндегі мәртебесін және балалардың деректерін беруінің заңдылығын растайды.

5.2. Оператор деректердің техникалық қорғалуын және орналасқан жер туралы берілетін ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

6. ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ САҚТАУ

6.1. Келісім жүйені пайдалану мерзімі бойы қолданылады.

6.2. Архивтік сақтау: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес деректер (оның ішінде геоқойылыммен сәйкестендіру журналдары) құжат санатына байланысты 75 жылға дейін сақталуы мүмкін.

6.3. Келісімді қайтарып алу Оператордың немесе қызмет көрсететін Қоғамдық ұйымның электрондық поштаға өтініш жолдауы арқылы жүзеге асырылады.

Растау:

«Кіру» батырмасын басу арқылы мен келесіні растаймын:

1. Дербес деректерді (менің және менің қамқорлығымдағы балалардың) өңдеуге ерікті келісімімді беремін.
2. Жүйеде сәйкестендіру сәттерінде менің геолокациямның автоматты түрде тіркелуіне келісемін.
3. Келісімнің барлық тармақтарымен таныстым және оларды толық көлемде қабылдаймын.
4. Бұл құжаттың электрондық нұсқасы қағаз нұсқасымен заңды түрде тең екенін мойындаймын.

**ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ
ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕ
«ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесінің қызметкерлері мен мамандары (АҚС) үшін**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ АҚЦЕПТ

1.1. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, мен, қоғамдық ұйымының қызметкері немесе тартылған маманы (АҚС шарты бойынша), бұдан әрі – «Ұйым» болып, «КазТехЭлектроника» ЖШС, БСН 110640022582 (бұдан әрі – «Оператор») ұйымына менің Ұйымға ұсынған дербес деректерімді «ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесінде өзімнің қызметтік/шарттық міндеттерімді орындау шеңберінде жинауға, сақтауға, өңдеуге және көрсетуге келісімімді беремін.

1.2. Осы арқылы мен (бұдан әрі — «Маман») осы Келісімнің шарттарын толық оқып шыққанымды, түсінгенімді және қабылдайтынымды растаймын, сондай-ақ мен қол жеткізетін үшінші тұлғалардың (ата-аналар мен балалардың) деректерінің қауіпсіздігіне жеке жауапкершілігім бар екеніне хабардармын.

1.3. Жүйеде авторизациядан өтуім менің құпиялылық режимді сақтау ниетімді растайды және өз қолымен қойылған қолтаңбаға теңестіріледі.

2. ГЕОЛОКАЦИЯ ДЕРЕКТЕРІН БЕРУГЕ КЕЛІСІМ

2.1. Маман «ESEP.OTAN-МЕКТЕР» жүйесінде сәйкестендіру және қызмет көрсетуді тіркеу сәттерінде өзінің мобильді құрылғысының геолокациясы (координаттары) туралы деректерді жинауға және беруге сөзсіз келісім береді.

2.2. Орналасқан жері туралы деректер тек қызмет көрсетуді тіркеу (верификация) сәтінде келесі мақсаттар үшін жиналады:

- Маманның қызмет көрсетілетін жерде нақты болғанын верификациялау;
- Қызмет алушыларға (мүгедек балалар мен олардың отбасыларына) жасалған келулердің шынайылығын растау;
- Мемлекеттік органдарға (ҚР ЕХӘҚМ, ҚР ДСМ, ҚР Оқу-ағарту министрлігі) нақты орындалған жұмыстар туралы автоматты есептерді қалыптастыру.

2.3. Маман құрылғы параметрлерінде геолокацияны беру функциясын өшірген жағдайда, қызмет көрсету фактісі Жүйе тарапынан есепке алынбауы мүмкін екенін түсінеді.

3. ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАУ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Маман жұмыс барысында белгілі болған пайдаланушылардың дербес деректері мен мүгедек балалардың арнайы санаттағы мәліметтерін (диагноздар, денсаулық жағдайы) үшінші тұлғаларға жарияламауға, бермеуге және көшірмесін жасамауға міндеттеледі.

3.2. Маман өз қызметінің нәтижелері туралы деректерді Жүйенің интеграциялық процестері шеңберінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге (ҰБДҚ, ҚР ЕХӘҚМ АЖ, ҚР ДСМ АЖ, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің АЖ) беруге келіседі.

3.3. Маман өз деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, фотосуреті) кімнің, қайда және қашан қызмет көрсеткені туралы ақпараттандыру үшін жүйе пайдаланушыларына (ата-аналарға, әріптестерге) көрсетуге келісім береді.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Маман құпиялылық режимді бұзғаны немесе деректерді заңсыз жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын біледі.

4.2. Оператор қауіпсіздік аудитін жүргізу мақсатында Жүйеде маманның барлық әрекеттерін (кіру және деректерді қарау журналдары) тіркейді.

5. ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ САҚТАУ

5.1. Келісім маманның жұмыс істеген мерзімі бойы және жұмыстан шыққаннан кейінгі 5 (бес) жыл бойы (құпиялылықты сақтау міндеттері бойынша) қолданылады.

5.2. Маманның қызметі туралы деректердің архивтік сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады (жеке құрамға қатысты құжаттар үшін 75 жылға дейін).

Растау:

«Кіру» батырмасын басу арқылы мен келесіні растаймын:

1. Балалар мен ата-аналардың деректерін қорғау міндеттерін өзіме аламын.
2. Қызмет көрсету фактісін растау үшін геолокациямның автоматты түрде тіркелуіне келісемін.
3. Ақпараттың жайылып кетуіне байланысты жеке жауапкершілігім бар екенін білемін.
4. Бұл құжаттың электрондық нұсқасы заңды күшке ие екенін мойындаймын.